Бекітемін: [illegible]

# ЦИКЛОГРАММА
**II апт. Қазан 2021ж.**
**тобы**

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**
**Тақырыпша. «Менің көшем»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека № 7** Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» **Мақсаты:**балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын үйренеді. 4К моделі, бала үні. | **Картотека №9** Құрлымдалған ойын: «Жануарларға қамқор боламыз» **Мақсаты:** Балалар жануарларға қайырымдылықпен қарауды, қамқор болуды біледі. 4К моделі, бала үні. | **Картотека № 11** Құрлымдалған ойын: «Бізге күз не әкелді?» **Мақсаты:** Күз бізге не әкелгені туралы, көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасын жайында түсінеді. 4К моделі, бала үні. | **Картотека № 12** Құрлымдалған ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» **Мақсаты:** ойын арқылы бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсінеді. 4К моделі, бала үні. | **Картотека №16** Құрлымдалған ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» **Мақсаты:** Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады. 4К моделі, бала үні.( |
| | **ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ** (картотека қосымша тігілген) | | | | |
| **Таңертеңгі гимнас-тика** | **Қазан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау** **Ойын- жаттығу** : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. **Сиқырлы сөз:** "Астарыңыз дәмді болсын!" Бала үні Рахмет айтуға тәрбиелеу | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. **Шаттық шеңбері:** **Көк аспанда күн күлсін,** **Бірге күлсін бүлдіршін.** **Көк аспанда күн күлсін,** **Жерге ұдайы нұр құйсын.** Бала үні | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі үй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері | 1. Денешынықтыру<br>Кіріспе бөлім<br>Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұруды біледі.<br>Ресурстар: Доптар,бет перде.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.<br>Негізгі бөлім<br>1. Жалпы даму жаттығулары доппен.<br>4– бөлім.<br>1.Аяқты алшақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.4-5 рет.<br>2.Допты екі қолмен алға ұстау. Отырып тұру.<br>3.Допты екі қолмен ұстау. Еденге тигенше еңкею..<br>4.Допты еденге қою.<br>Допты айнала секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.<br>4 к моделі, бала үні<br>Тікелей бақылау<br>2.Қимыл - қозғалыс жаттығулары.<br>-Обруч ішіне допты екі қолмен лақтыру.<br>Тікелей бақылау.<br>Құрлымдалған қимылды ойын:<br>«Түрлі – түсті машиналар»<br>Командада жұмыс, бала үні.<br>4. Қортынды<br>Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, ұзындық бойынша тұру.<br>Сұрақ – жауап. | 1.Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай.<br>Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтап , мағынасын түсінеді.<br>Өлең жолдарының бір шумағын жаттай алады..<br>Ресурстар: Бағдаршам суреті,АКТтехнологиясы<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау<br>Оқу қызметінің барысы:<br>Шаттық шеңбері.<br>«Кел,балалар күлейік»<br>Ө.Тұрманжанов.<br>Кел,балалар күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.<br>Көңілді болып жүрейік!<br>Миға шабул.<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру.<br>Үш көзі бар қаз-қатар,<br>Кезек-кезек ашады.<br>Үшеуінен байқасам,<br>Үш түсті нұр шашады.<br>(бағдаршам)<br>Сұрақ жауап<br>Ой қозғау.<br>-Бағдаршам дегеніміз не?<br>Ол қандай қызмет атқарады?<br>Балалар бағдаршамның неше көзі бар ?<br>-Түстері қандай ?<br>Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.<br>Ой дамыту.<br>АКТ технологиясы. | 1.Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Көшедегі күзгі ағаштар.<br>Мақсаты: Балалар күз мезгілі туралы түсінеді.<br>Күз мезгіліндегі ағаштардың қасиеті туралы айта алады.<br>Ресурстар: Ағаштар, гүлдер,АКТ технологиясы.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау<br>ҰОҚ өтілу барысы:<br>І.Қуаныш алаңы<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші балаша.<br>Ой дамыту. Суретпен жұмыс<br>-Суретте не көріп тұрсыңдар?<br>-Ағаштардағы жапырақтардың түсі қандай Неліктен?<br>Жапырақтар не істеп жатыр?<br>Өнім арқылы саралу.<br>Тосын сәт<br>Қарлығаштан хат келу.<br>Қорапта тапсырмалар жазылған. Әрбір жеміс ағашының астында тапсырмалар берілген.<br>Балаларды топқа бөлу.<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>1-топ. ағаштың түбін қопсытып, су құю керек. Неге?<br>2-топ: ағаштың айналасындағы қоқыстарды жинап, түбін тазалап, су құйыңдар.<br>Балалардың жауабы<br>3-топ: Жапырақтарды жинаңдар, күзгі жапырақтардың түсі қандай?<br>4-топ: Бөлмедегі гүлдерге су құйыңдар және топырақтарын қопсытып қойыңдар. Тәрбиеші | Құрастыру<br>Тақырыбы: Біздің көшедегі екі қабатты үй.<br>Мақсаты: Балалар үлкен құрлыс жұмыстарын жасауды үйренеді.<br>Ресурстар: Геометриялық пішіндер.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау<br>Шаттық шеңбері.<br>Е.Өтетілеуұлы.<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>Ертемен ақ пейілмен:<br>"Қайырлы таң!"-деймін мен.<br>Қызығушылығтарын ояту.<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру.<br>Төбесі үш бұрышты,<br>Қабырғасы төртбұрышты<br>Адамдардың паналайтын ұясы (Үй)<br>Ой дамыту.<br>Үй туралы қысқаша түсінік беру.<br>-Үй не үшін керек?<br>-Онда қандай пішіндер қолданылған?<br>-Қандай бөліктері бар?<br>Мазмұн арқылы саралау.<br>2. Ғажайып сәт.<br>Қонақа Буратиноның келуі.<br>-Амандасу.<br>-Балалардан көмек сұрау.<br>3. Пішіндермен құрастыру жұмысын жасаудың әдістерін түсіндіру.<br>Сөздік жұмыс: Төбесі, есігі, қабырғасы, терезе, құлып. | 1.Мүсіндеу<br>Тақырыбы:<br>Анамның қолшатыры<br>Мақсаты: Балалар қолшатыр не үшін қажет екенін түсіне отырып, ермексаздан қолшатырды мүсіндеуді үйренеді.<br>Ресурстар: Қол шатыр суреті, ермексаз.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау<br>І.Шаттық шеңбері<br>Н. Жанаев.<br>Табиғат біздің анамыз<br>Табиғатқа баламыз<br>Таңғажайып сәт.<br>Аудио дауыс.<br>Жаңбырдың жауған даусы.<br>Сұрақ-жауап<br>-Жаңбыр жауғанда қалай қорғанамыз.<br>-Қолшатырды қай жерде ұстаймыз<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>ІІ. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету.<br><br>Ермексазды жұмсарту, алақанға салып созу әдістерін түсіндіру. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Сурет.Трафаретпен жұмыс Тақырыбы: «Көше шамдары»**<br>**Мақсаты:** Балалар көше шамдарының не үшін керек екенін түсінеді. Дәстүрден тыс суретсалудың трафарет әдісімен суретсалуды үйренеді.<br>Ресурстар: Көрнекі материалдар.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**І.Шаттық шеңбері.**<br>Ә.Дүйсенов.<br>Жақсылыққа, бақытқа<br>Талпынған әр уақытқа,<br>Бала біткен дос бауыр,<br>Болмасын еш тосқауыл<br>**ІІ. Қызығушылықты ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?<br>»Жұмбақ жасыру<br>«Үйде бар бір жұлдыз,<br>Ол бар да түн күндіз.<br>**(элек шамы)**<br>**ІІІ. Ой дамыту.**<br>Шам туралы түсінік беру.<br>Шам не үшін керек?<br>Оны қай кезде пайдаланамыз?<br>Май шам мен электр шамын салыстыру.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету**<br>Қағаз бетіне трафаретті қоя отырып, бояуды дұрыс жағуды үйрету.<br>Жанама бақылау, сыни ойлау, креативтілік, бала үні.<br>Балаларға көмектесу.<br>Құрылымдалған ойын: | Экраннан бағдаршам туралы бейнеролик көрсету, түсіндіру.<br>Үдеріс арқылы саралау.<br>**«Бағдаршам» өлеңін жаттау.**<br>Менің атым-бағдаршам<br>Кеудем толы жанған шам<br>Қызыл көзім жанғанда<br>Сақ болыңдар<br>тоқтаңдар!<br>Сары көзім жанғанда<br>Сабырлылық сақтаңдар!<br>Жасыл шамды көрсеңіз<br>Бола береді өтсеңіз!<br>Бала үні<br>**Бір адым әдісі** арқылы тақпақты жаттау.<br>Балаларды мадақтау<br>Құрылымдалған ойын:<br>«Бағдаршамды құраймыз»<br>**Сергіту сәті**<br>Тік ұста бойыңды,<br>Жоғары соз қолыңды.<br>Соз қолыңды тағы да,<br>Жеткіз жираф мойына.<br>**Пед жет ойын:**<br>«Бағдаршам»<br>Балалар бағдаршамның қызыл түсі көрсеткенде тұрамыз,сары түсін көрсеткенде қол шапалақтаймыз,жасыл түсін көрсеткенде жүреміз<br>Сыни ойлау, бала үні,<br>жанама бақылау<br>**Қорытынды.** Біз бүгін сендермен не жайлы әңгімелестік?<br>қандай өлеңді | неге қарлығаш бізге осындай тапсырмалар берген?<br>**Балалар жауабы**: олар жақсы тыныстап, дем алады, бұрынғыдан да жайқалып өсетін болады.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп - өніп толамыз.<br>Көкке қарап талпынып,<br>Күнге қолды созамыз. Бала үні.<br>**Қортынды:**<br>**Сұрақ-жауап.**<br><br>**2.Денешынықтыру**<br>**Мақсаты: (ҮК)**<br>Шеңбер бойымен жүруге, белгіні дұрыс түсіне білуге, жіппен жасалатын даму жаттығуын дұрыс орындауды біледі. .<br>Керілген жіптің астынан еңбектеп өте алады.<br>Ресурстар: Көрнекі материалдар.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Амандасу.**<br>**2.Кіріспе**<br>Педагогтың артынан жүру,жүгіру.<br>Шеңберге тұру.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары. Доппен**<br>1).Б.қ.:тік тұру,допты екі қолымен ұстау. 1.Допты алға созу. 2.кеуде тұсына әкелу.<br>3.Б.қ.келу.(3-4рет)<br>2 ).Допты жоғары көтеру.Түсіру.<br>2.Б.қ. келу. (3-4рет) | **Сергіту сәті:**<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп - өніп толамыз.<br>Көкке қарап талпынып,<br>Күнге қолды созамыз.<br>Құрылымдалған ойын:<br>«Қандай үй?»<br>**Буратиноны үйге кіргізу.**<br>**Қортынды.Сұрақ-жауап**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Денешынықтыру**<br>**Мақсаты: (ҮК)**<br>Шеңбер бойымен жүруге, белгіні дұрыс түсіне білуге, жіппен жасалатын даму жаттығуын дұрыс орындауды біледі. . Керілген жіптің астынан еңбектеп өте алады.<br>Ресурстар: Көрнекі материалдар.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Амандасу.**<br>**2.Кіріспе**<br>Педагогтың артынан жүру,жүгіру.<br>Шеңберге тұру.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары. Доппен**<br>1).Б.қ.:тік тұру,допты екі қолымен ұстау. 1.Допты алға созу. 2.кеуде тұсына әкелу. 3.Б.қ.келу.(3-4рет)<br>2 ).Допты жоғары көтеру.Түсіру.<br>2.Б.қ. келу. (3-4рет)<br>3) допты екі қолмен кеудеге | Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды.<br>Пед жет ойын: «Біздің көрме»<br>Балалардың жұмысын бағалау.<br>**Қортынды**<br>Құрылымдалған қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Шарты: Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады<br>**Балаларды мадақтау.** |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Біздің көрме»**<br>**Шарты:** Балалардың жұмысын тақтаға ілу, мадақтау<br>**Қортынды.**<br>Пед жет ойын:<br>«Сиқырлы тәжірибе»<br>**Шарты:** Шыны ыдысқа әдемі моншақтар, тас салынады. Үстіне су құйылады. Ыдыстың ішіне май шамды жағамыз. Топ бөлмесіне әдемі жарық сыйлаймыз. Шапалақ әдісімен аяқтау. | жаттадық?<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Музыка.**<br>**Педагог жетекшісінің жоспары бойынша.** | 3) допты екі қолмен кеудеге ұстау. Доппен бірге қос аяқпен секіру.<br>4)Тыныс алу жаттығуы. Мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару.<br>Б.қ.келу<br>4 к моделі, бала үні<br>Тікелей бақылау<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>1.Допты бір –біріне домалату. Бекіту.<br>Командада жұмыс, жанама бақылау.<br>Құрлымдалған қимылды ойын: «Доптарды кім тез жинайды?»<br>Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты үйренеді.<br>**6.Қортынды.**<br>Балаларды мадақтау | ұстау. Доппен бірге қос аяқпен секіру.<br>4)Тыныс алу жаттығуы. Мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару.<br>Б.қ.келу<br>4 к моделі, бала үні<br>Тікелей бақылау<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>1.Допты бір –біріне домалату. Бекіту.<br>Командада жұмыс, жанама бақылау.<br>Құрлымдалған қимылды ойын:<br>«Доптарды кім тез жинайды?»<br>Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты үйренеді.<br>**6.Қортынды.**<br>Балаларды мадақтау | |
| *Серуенге дайындық* | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| *Серуен:* | **Серуен №10**<br>**Күзгі желдің бағытын бақылау.**<br>4К моделі, бала үні. | **Серуен №11**<br>**«Қайтқан құстарды бақылау»**<br>4К моделі, бала үні. | **Серуен №15**<br>**«Өзге топ балаларының іс-әрекеті »**<br>4К моделі, бала үні. | **Картотека №16**<br>**Жәндіктерді бақылау.**<br>4К моделі, бала үні. | **Серуен №5**<br>**Тұманды бақылау.**<br>4К моделі, бала үні. |
| | **Серуен картотекасынан** (Картотека қосымша тігілген ) | | | | |
| *Серуеннен оралу* | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| *Түскі ас* | . Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу | | | | |
| *Ұйқы* | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау** | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары*** | **№1 1. Ояну**<br>Қандай ғажап керемет,<br>Әсем есік ашылды.<br>Түрлі - түсті бояулар,<br>Аспанда жайылып шашылды<br>Ұйқым шайдай ашылды | **№2. 1. Ояну**<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | **№ 3 1. Ояну**<br>Көзімізідізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Қолмен көзді ұқалап<br>Созылып бір алайық. | **№4 1. Ояну**<br>Көзіміз ашылды<br>Ұйқымыз басылды<br>Дем алдық ұйықтадық<br>Шаттанып ойнайық. | **№5 1. Ояну**<br>Оянайық балалар<br>Маған тезірек қарандар<br>Шапалақты ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Педагог жетекшілігімен жүргізілетін «Топтастыр»<br>Мақсаты:Балалар әртүрлі суреттерді ортақ атауына қарай топтастыруға дағдыланады.<br>4 К моделі, бала үні<br>Жеке баламен жұмыс<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>Еркін ойын<br>Жанама бақылау. | **Құрылымдалған ойын:**<br>**« Көңілді аңдар»**<br>музыкалық ойын жаттығу<br>**Мақсаты:**<br>әуенді тыңдай отырып, аңдардың қимылын қайталайды.<br>4 К моделі, бала үні<br><br>Жеке баламен жұмыс<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>Еркін ойын<br>Жанама бақылау. | Құрылымдалған ойыны «Телефон»<br>Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді.Сөздік қоры дамиды.<br>4 К моделі, бала үні<br><br>Жеке баламен жұмыс<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>Еркін ойын<br>Жанама бақылау. | **Пед жетекшілігімен ойын:**<br>Ғажайып қалта»<br>Мақсаты: Ойыншықтардың ажыратып тани білуге үйрету, ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту.<br>4 К моделі, бала үні<br><br>Жеке баламен жұмыс<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>Еркін ойын<br>Жанама бақылау. | Құрылымдалған ойын: «Ұяшыққа орналастыр»<br>Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруды біледі.<br>4 К моделі, бала үні<br><br>Жеке баламен жұмыс<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>Еркін ойын<br>Жанама бақылау. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №10**<br>**Күзгі желдің бағытын бақылау.**<br>4К моделі, бала үні. | **Серуен №11**<br>**«Қайтқан құстарды бақылау»**<br>4К моделі, бала үні. | **Серуен №15**<br>**«Өзге топ балаларының іс-әрекеті »**<br>4К моделі, бала үні. | **Картотека №16**<br>**Жәндіктерді бақылау.**<br>4К моделі, бала үні. | **Серуен №5**<br>**Тұманды бақылау.**<br>4К моделі, бала үні. |
| | **Таңғы серуен картотекасынан** (картотека тігілген) | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу<br>Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)<br>Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. | | | | |

Scanned by TapScanner